

Дизель отыны мен бензин босату туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1996 жылғы 26 тамыз N 404

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитеті Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Көкшетау облысы әкімінің жауапкершілігіне беруді жаңарту Тәртібінде мемлекеттік резервтен, оны 1996 жылғы 1 қазанға дейін мемлекеттік резервке қайтаратын Көкшетау облысы әкімінің кепілдікті міндеттемесімен Көкшетау облысының ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге 18 мың тонна дизель отыны мен 10 мың тонна бензин босатсын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жанар-жағар май материалдары мемлекеттік резервке дер уақытында қайтарылмаған жағдайда кепілдікті міндеттемені Көкшетау облысының жеке облыстық бюджетінен даусыз өндіріп алуға айналдырысын.

3. Көкшетау облысының әкімі (Д.Б.Жанғалов), Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылық министрі (С.Ш. Ақымбеков), Қазақстан Республикасының Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитеті (Қ.Ш.Толымбеков) мемлекеттік резервті жанар-жағар май материалдарымен белгіленген мерзімде толтыруды қамтамасыз етсін.

Премьер-Министр